«Almaty» МҚҰ ЖШС, _____ тұлғасында _____ негізінде әрекет етуші, бұдан әрі «Қарыз беруші» деп аталатын және _____ «_____», тұлғасында _____ негізінде әрекет етуші, бұдан әрі «Қарызгер» деп аталатын, және _____ _____ негізінде әрекет етегін бұдан әрі «Қосалқы қарызгер» деп аталатын үшінші тарап бұдан әрі бәрге «Тараптар» деп аталып, төмендегі туралы осы Келісімді (бұдан әрі «Келісім-шарт») жасады.

1. Жалпы шарттары

1.1. Келісім-шарттың жасалған күні – ____.

1.2. Микроқаржы үйімінің атауы - «Almaty» Микроқаржы үйімі жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі қарай.

1.3. Қарызгер: _____ (ЖК, ЖШС атауы).

(болған жағдайда) Қосалқы қарызгер: (Қосалқы қарызгердің атауы).

1.4. Қарыз беруші Қарызгерге мақсатты пайдалану, жеделдік, ақыллылық, қайтарымдылық және қамтамасыз ету талаптары бойынша _____ (_____) ____ теңге сомада жаңартылмайтын кредит желісін ұсынады (бұдан әрі - Микрокредит). Қарызгерге микрокредит тек келесі мақсаттаға беріледі: _____

1.5. Кредит лимиті «__» ____ 20 ____ жылдан «__» ____ 20 ____ жылға дейін қоса алғанда мерзімге (Микрокредиттің жалпы мерзімі) беріледі.

1.6. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарызгер/ Қосалқы қарызгер Қарыз берушіге Келісім және Несие шарттар жасалған сәтте ____% жылдық сыйақы мөлшерінде төлейді, бұл ретте Жылдық тиімді сыйақы ставка мөлшері Несие шарттарда анықталады. Келісімнің мақсаттары үшін бір жыл 360 күн ретінде саналады, алғашқы пайдалану күні қоспағаніңда және өтеу күнін қоса алғанда, бұл ретте, Микрокредит беру күні және өтеу күні бір күн деп қабылданады.

1.7. Микрокредитті өтеу _____ (көрсетіледі: бір жолғы/бөліп) қолма-қол ақшамен электрондық терминалдар арқылы немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлем сомасын Қарыз берушінің келесі банктік реквизиттеріне аудару арқылы жүзеге асырылады.

1.8. Микрокредитті өтеу әдісі (көрсетілсін: аннуитетті/сарапланған/басқа).

1.9. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны төлеуді кешіктірген жағдайда, Қарыз беруші мерзімі өткен төлем сыйақы сомасынан кешіктірілген әр күні үшін сыйақыны төлеу бойынша 1% (бір процент) өсімпұлды төлеуді талап етеуге құқылы, бірақ берілген Микрокредит сомасынан 10% (он пайызы) артық емес.

Микрокредит бойынша негізгі қарыз сомасын қайтаруды кешіктірген жағдайда, Қарыз беруші микрокредит сомасынның мерзімі өткен төлемінің кешіктірілген әр күні үшін 1% (бір процент) өсімпұлды төлеуді талап етеуге құқылы, бірақ берілген Микрокредит сомасынан 10% (он пайызы) артық емес.

1.10. Жеке тұлға (жеке кәсіпкер) Қарыз алушының осы Келісім бойынша Несие беруші алдындағы қарызын өтеу келесі тәртіpte жүзеге асырылады:

- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) Келісім-шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 4) ағымдағы кезеңдегі төлемдер бойынша негізгі борыш сомасы;
- 5) ағымдағы кезеңге төлемдер бойынша есептелген сыйақы;
- 6) Қарыз берушінің орындалуына байланысты шығындары.

Занды тұлғаның қарыз алушының Қарыз беруші алдындағы осы Шарт бойынша берешегін өтеу мынадай кезектілікпен жүргізіледі:

- 1) Қарыз берушінің орындалуына байланысты шығындары;
- 2) Келісім-шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі борыш бойынша берешек;
- 5) ағымдағы кезеңге төлемдер бойынша есептелген сыйақы;
- 6) ағымдағы кезеңдегі төлемдер бойынша негізгі борыш сомасы;

Сыйақыны және микрокредит сомасын өтеу тәртібі, мерзімдері мен кезеңділігі кредиттік шарттарда айқындалады.

Қарыз алушының/тең қарыз алушының Қарыз беруші алдындағы келісім, кредиттік шарттар шенберінде төленуге тиіс микрокредит, сыйақы, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұл және т.б. сомаларын төлеу жөніндегі міндеттемелері осы сома қарыз берушінің шотына есептелген және ақшаны берешекті өтеу есебіне есептен шығарылған күннен бастап орындалған болып есептеледі.

1.11. Микрокредит сомасын және сыйақыны өтеу тәртібі мен мерзімділігі Несие шарттарда анықталады.

1.12. Егер кезекті төлемді өтеу күні демалыс не мереке күніне түсетін болса, төлем одан кейінгі жұмыс күніне (тұрақсыздық айыбын, айыппұлды, өсімпұлды төлемей) ауыстырылады.

1.13. Қарызгер/Қосалқы қарызгер Қарыз берушінің алдындағы Келісім-шарт аясында төленуге тиесілі Микрокредит сомасы, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімдер және т. б. Келісім, Несиелік келісім-шарттар шенберінде төленуге тиісті міндеттемелері осы соманы Қарыз берушінің шотына аударған және қарызды өтеу шотынан қарызды өшірген күннен бастап орындалған болып саналады.

1.14. Қарыз алушы/қоса қарыз алушы келісім және (немесе) кредиттік шарттар бойынша міндеттемелерді орындаған немесе тиесінше орындаған кезде Қарыз беруші өз қалауы бойынша мынадай шараларды қабылдауға құқылы:

1) қарыз алушыға мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттігі туралы SMS-хабарлама, хат, пошталық мекенжайға/ электрондық поштаға хабарлама жіберуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта көзделген жағдайларда қарыз алушыға микрокредитті барлық сомасын тиесілі сыйақымен және есептелген айыппұлмен (өсімпұлдармен, тұрақсыздық айыбымен) мерзімінен бұрын қайтару туралы және шартты бұзы туралы жазбаша талап жолдауға құқылы;

3) қарыз бойынша берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге құқылы;

4) кепіл мүлкін соттан тыс өткізуді жүргізу;

5) микрокредит бойынша берешекті өндіріп алу және/немесе сот тәртібімен кепілдік мүліктен өндіріп алу үшін сот органдарына жүгінуге;

6) дефолт басталған кезде немесе оның басталуының нақты қатері туындаған кезде, қамтамасыз етуді жоғалтқан немесе жоғалтудың нақты қатері болған кезде; микрокредит сомасы мақсатсыз пайдаланылған кезде және (немесе) осы Келісімде және/немесе кредиттік шартта көзделген өзге де жағдайларда қарыз алушыны қаржыландыруды тоқтата тұруға, тоқтатуға (келісім шеңберінде жаңа микрокредиттер беруден бас тартуға) құқылы емес:

7) қарыз алушы/қоса қарыз алушы келісім және/немесе кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіруге жол берген кезде коллекторлық агенттікке келісім бойынша және/немесе кредиттік шарт бойынша қарыз алушының/қоса қарыз алушының берешегін сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге беруге құқылы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де әдістерді пайдалануға, оның ішінде атқарушылық жазбаны жазып беру туралы өтінішпен нотариусқа жүгінуге не шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаларға беруге не Қарыз алушының/тең қарыз алушының Қарыз беруші алдындағы берешегін өтеу үшін басқа да әрекеттер жасауға құқылы.

1.15. Келісім оған Тараптардың үәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап құшіне енеді және Қарыз алушы/қоса қарыз алушы Келісімде, сондай-ақ Келісім шеңберінде жасалған кредиттік шарттарда көзделген қарыз беруші алдындағы барлық міндеттемелерді тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

1.16. Қарыз берушінің пошталық, электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ Қарыз берушінің ресми интернет-ресурсы туралы деректер: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, _____, электрондық адрес: _____. сайт: _____.

1.17. Қарыз беруші келісім /кредиттік шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында келісім/кредиттік шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

2. Тараптардың жауапкершілігі

2.1. Қарызгер/Қосалқы қарызгер Микрокредитті мақсатты пайдаланбаған жағдайда, сондай-ақ осы Келісіммен көзделген міндеттерді орындаған жағдайда, Қарыз беруші Келісімді/Кредиттік келісім-шартты орындаудан бас тартуға құқылы және Қарызгерден/Қосалқы қарызгерден осы Келісімнің және/немесе Несие шарттың талаптарына сәйкес микрокредит сомасын қайтару және ол бойынша сыйақыны, сондай-ақ өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын, айыппұлды (бар болса) төлеуді талап етуге құқылы.

2.2. Микрокредит мақсатсыз пайдаланған жағдайда, микрокредитті мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттарды ұсынбағаны үшін Қарызгер/Қосалқы қарызгер Қарыз берушіге Микрокредит сомасының мақсатсыз пайдаланылған сомасының 10% мөлшерінде Қарыз беруші белгілеген мерзімде айыппұл төлейді.

2.3. Сақтандыру шарттарын ұсынбағаны үшін Келісім-шарттың 7.1.18. тармағына сәйкес, Қарыз беруші микрокредит сомасының негізгі борыш қалдығының сақтандыру шартының аяқталған мерзіміне көрсетілген міндеттемелерді орындағаны үшін әрбір күнтізбелік күн үшін 0,05 (нөл бүтін бес жүздік) % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептеп Қарызгерден/Қосалқы қарызгерден өндірп алуға құқылы.

2.4. Келісімнің 7.1.6 тармағына, сондай-ақ Келісімнің 6.5. тармағында көзделген ерекше шарттарына сәйкес қаржылық және өзге де құжаттарды ұсынбағаны үшін, Қарыз беруші берілген микрокредит сомасынан талап етілетін құжаттарды ұсынбаған/ерекше шарттарды орындаған әрбір күнтізбелік күн үшін 00,1 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептеп Қарызгерден/Қосалқы қарызгерден өндірп алуға құқылы.

Микрокредитті мақсатты пайдаланылғанын растайтын құжаттарды үақтылы ұсынбағаны үшін Қарыз беруші Қарыз алушыдан мақсатты пайдалану бойынша құжаттар толық көлемде ұсынылаған микрокредит сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептеуге және өндірп алуға құқылы.

Микрокредит сомасын жинақ банк шоттарына орналастырғаны үшін Қарыз беруші Қарыз алушыдан ақшаны жинақ шотына орналастырған күні мақсатсыз пайдаланылған (депозитте орналастырылған) сомадан ҚР Ұлттық Банкінің базалық ставкасының 2 еселенген мөлшерінде айыппұл есептеуге және өндірп алуға құқылы.

Қарыз алушы қаржыландырылатын жоба бойынша қарыз алушы не үшінші тұлғалар бұрын жүргізген төлемдер есебіне микрокредит қаражатын есепке жатқызуға (өтеуге) жол берілмейтіні және мұндай іс-әрекеттер микрокредит сомасын мақсатсыз пайдалану ретінде бағаланатыны туралы хабардар етіледі.

2.5. Осы Келісімнің шарттарын орындаған және/немесе тиісінше орындаған жағдайда Тараптар осы Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершіліктегі болады.

3. Несиелеудің ерекше шарттары

3.1. Қарыз берушінің бірінші талабы бойынша қарыз алушы мен тең қарыз алушы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін және Қарыз берушіге қолайлы нысан бойынша қаржылық жай-күйі бойынша қаржылық есептілікті (оның ішінде бухгалтерлік баланстар, статистикалық есептілік), Келісімнің қолданылуы кезіндегі

операциялар бойынша есептерді, сондай-ақ микрокредитті қамтамасыз етуді және нысаналы пайдалануды тексеру үшін қажетті есептер мен өзге де құжаттарды) және Қарыз алушының/тең қарыз алушының қаржылық жай-қүйіне мониторинг жүргізуі ұсынуға міндеттенеді.

3.2. Қарыз алушы / тең қарыз алушы Қарыз берушіге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құжаттардың нысандарын пайдалану арқылы Қарыз берушінің кредиттік бюролардың дерекқорына қарыз алушы/тең қарыз алушы, жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, қарыз алушының/тең қарыз алушының және Қарыз берушінің келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты, кредиттік есептерді алуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес ұсынылуы қажет болуы мүмкін өзге де мәліметтерді беруге келісімін берді.

3.3. Кредит беру лимитін игерудің шекті күні: "___" ____ 20_ жылдың Лимиттің қолжетімді сомасы - _____

Әрбір микрокредиттің нақты мерзімі кредиттік шарттың талаптарымен айқындалады.

3.4. Несиелеу беру лимитінің ерекше шарттары:

3.4.1. _____

(*Қарыз берушінің уәкілетті органы белгілеген қаржыландырудың ерекше шарттары көрсетіледі. Егер олар анықталмаса, онда тармақ алынып тасталады*).

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Қарызгер міндетті:

4.1.1 Келісім-шарт аясында бекітілген Келісім-шарт және Несие шарттары бойынша міндеттерін Келісім-шартта және Несие шарттарында қарастырылған сома және талаптар бойынша мерзімінде орындауға;

4.1.2. Несиелеу Лимиті аясында алынған Микрокредитті тек әрбір Несие шартында жеке анықталған мақсаты бойынша ғана пайдалануға.

4.1.3. Қарыз берушінің жазбаша келісімінсіз өзінің тіркеу, құрылтай құжаттарын өзгертуеуге, сондай-ақ өзін қайта ұйымдастыруды жүргізуеуге (бірігу, қосылу, бөліну, шығу, өзгеру), Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ішінде құқықтық мәртебесін басқаға өзгертуеуге; (занды тұлғалар үшін)

4.1.4. Келісім-шартқа және Несие шарттарына сәйкес қойылатын Қарыз берушінің барлық талаптарын орындауға;

4.1.5. ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жазбалар мен шottтар жүргізуге, әрбір қаржы жылы бойынша қаржылық операциялар жүргізуге және қаржылық есептемелер жасауға (тенгерімдік есеп беру және кірістер мен шығындар туралы есеп беру;

4.1.6. осы Келісімнің бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде уақтылы, Қарыз берушінің бірінші талабы бойынша және Қарыз беруші белгілеген мерзімде Қарыз берушіге барлық қажетті ақпаратты, өзінің қаржылық жағдайына қатысты құжаттарды, сондай-ақ Қарыз берушіні осы Шарт бойынша Қарызгер Қарыз берушінің алдындағы қарыздарды уақтылы өтеуге әсер етуі мүмкін барлық туындаған жағдайлар туралы дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті;

4.1.7. Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ішінде Келісім-шарт бойынша берілген Қамтамасыз ету құқығын бермеуғе;

4.1.8. Микрокредит және ол бойынша сыйакыны уақытылы өтеуге әсер етуі мүмкін барлық жағдайлар туралы Қарыз берушіні алдын ала хабарландыруға;

4.1.9. Келісім-шарт бойынша қаржылық міндеттерді Келісім-шарт жасау қүні пайда болған, және Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі бойы пайда болуы мүмкін басқа да

қаржылық міндеттерге қатысы бойынша алғашқы тәртіп бойынша орындауға. Қарызгер осы Келісімнің бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде қарыз Берушінің келісімінсіз осы Келісім/Кредит шарттары бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін қосымша микрокредиттер қарыздар және кез келген занды және жеке тұлғалар алдында кез келген қаржылық міндеттемелер тартпауға міндеттенеді;

4.1.10. Қамтамасыз етуді сақтауга қажетті барлық әрекеттерді жасауға, оны жоғалтпауға немесе зақымдамауға;

4.1.11. Келісімнің шарттарына және/немесе Кредиттік шартқа сәйкес Микрокредит бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуді жүргізуға;

4.1.12. Қарыз беруші кредиттік қаражатты нысаналы пайдалануға, қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуға жәрдем беруге, сондай-ақ Қарыз беруші Қамтамасыз етуге мониторинг жүргізуға жәрдем беруге және барлық ілеспе шығындарды көтеруге. Қамтамасыз етуді қайта бағалау бойынша шығыстарды көтеруге, егер осындай талаптарды Қарыз берушіден алған жағдайда;

4.1.13. Дефолт кезінде, Несие берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз, жылдық қорытынды бойынша төленген таза кіріс туралы хабарламауға, және оны төлемеуге; (занды тұлғалар үшін)

4.1.14. Кредиттік лимиттің барлық ерекше шарттарын ұстануға;

4.1.15. Өзінің ұйымдық-құқықтық формалары өзгерген жағдайда, барлық қажетті құжаттарды және Қарызгердің жалпы жиналыстарының шешімдерін Қарыз берушіге беруге; (занды тұлғалар үшін)

4.1.16. Қарызгердің қатысушылар құрамының өзгеруіне шамаммен 10 (он) жұмыс күні қалған кезде, Қарызгердің жарғы капиталындағы қатысушы үлестерінің он және одан да көп пайыздарының иегерлерінің жиынтығын Қарыз берушіге жазбаша түрде хабарлауға; (занды тұлғалар үшін)

4.1.17. Кредиттік шарттарда белгіленген мерзімде Қарыз берушіге Микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттар беруге;

4.1.18. Қарыз берушіге осы Келісімнің қолданылу мерзіміне кепілге қойылған мүлікті сақтандыру шартын және/немесе өзге де сақтандыру шартын Қарыз берушінің талабы бойынша (бұдан әрі – сақтандыру шарты) ұсыну. Қарызгер қарыз берушіге алдыңғы сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру шартының ең төменгі қолданылу мерзімі кемінде бір жылға шартты алдағы кезеңге қайта жаңа сақтандыру немесе бұрын жасалған сақтандыру шартын ұзарту шарттарымен ұсынуы тиіс. Қарызгер қайта жасалған және/немесе мерзімі ұзартылған сақтандыру шарттарын беру кезінде, Тараптармен Қарызгердің қайта жасалған және/немесе мерзімі ұзартылған сақтандыру шарттарын берген күнін нақты көрсету отырып сақтандыру шартын қабылдау-беру актісі жасалады.

4.1.19. Микрокредит немесе оның бір бөлігін мақсатсыз пайдаланылғаны үшін, сол сияқты Қарыз берушіге микрокредитті мақсатты пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған не осы құжаттарды ұсыну мерзімі бұзылған жағдайда Қарыз берушінің талап етуі бойынша Қарыз берушіге мақсатты пайдалану жөніндегі құжаттар толық көлемде ұсынылмаған микрокредит сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға, сондай-ақ осы Келісімнің/Шарттың талаптарына сәйкес сыйақы, тұрақсыздық айыбын, айыппұл төлеуге міндетті.

4.2. Қарызгер құқылы:

4.2.1. Микрокредиттерді беру ережелерімен, Қарыз берушінің микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысу;

4.2.2. Алған микрокредитті Келісіммен/Келісім-шартпен белгіленген тәртіппен және талаптармен иелену;

4.2.3. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түсетін болса, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеуді одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей жүргізу;

4.2.4. Берілген микрокредит сомасын Қарыз берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей мерзімінен бұрын толықтай немесе ішінара қайтару;

4.2.5. Қарыз алушы - жеке тұлға ұйым шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап құнтізбелік отыз күн ішінде және (немесе) жазбаша нысанда не Келісімде көзделген тәсілмен келісім/кредиттік шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, оның ішінде Келісімнің/кредиттік шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы мәлімдемесін негіздейтін кірістері және басқа да расталған мән-жайлары (фактілері) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға құқылы:

- шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;
- микрокредит мерзімін өзгертуге;
- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою;
- тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуімен;
- ұйымға кепілге салынған мүлікті беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсынумен;
- шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу арқылы жүзеге асырылады.

4.2.6. Қарыз алушы осы шартта көретілген үақытта қарыз берушінің шешімін алған күннен бастап құнтізбелік он бес күн ішінде немесе Келісім талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде қарыз берушінің бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінүү құқылы.

4.2.7. Қарыз алушы - жеке тұлға қарыз беруші келісім/кредиттік шарт бойынша "микроқаржы қызметі туралы" 26.11.2012 ж. ҚР Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін құқықты (талап етуді) берген жағдайда банк омбудсманына жүгінуге құқылы;

4.2.8. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз берушіге жазбаша түрде жүгінүү;

4.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

4.3. Қарыз беруші құқылы:

4.3.1. Шарттың талаптарын қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту.

Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушы үшін Шарт талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:

тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;

шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту.

4.3.2. Қарыз алушыдан шарт жасасуға және ол бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы. 7.3.3. Микрокредитті мақсатты пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

4.3.3. Қарыз алушының келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаларға беруге.

4.3.4. Қарыз алушы 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам уақытқа микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді бұзған кезде Қарыз алушыдан микрокредит сомасын тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етсін.

4.3.5. Микрокредиттің мақсатты пайдалануына бақылауды жүзеге асыру.

4.3.6. Қарыз алушы микрокредитті мақсатты пайдалану жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ 2.2.5-тармақтарда көзделген міндеттерді орындаған кезде, 2.2.8. қарыз беруші шартты орындаудан бас тартуға және Қарыз алушыдан микрокредит сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды, ол бойынша сыйақы төлеуді, сондай-ақ осы Шартта көзделген өсімпұлды, тұрақсыздық айыбын, айыппұлды талап етуге құқылы.

4.3.7. Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде Қарыз беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, өзіне шарт бойынша берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге беру үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

4.3.8. Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмай Нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алуға құқылы.

4.3.9. Қарыз алушының/қоса қарыз алушының Келісім және кредиттік шарттар бойынша, сондай-ақ келісімде және/немесе Келісім шенберінде жасалған кредиттік шартта көзделген өзге де негіздер бойынша міндеттемелерді орындауына теріс етуі мүмкін оқиғалар анықталған кезде Қарыз беруші:

1) қарыз алушыны қаржыландыруды тоқтатуға, тоқтата тұруға құқылы;

2) борыштың барлық сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алу туралы талап қоюға міндетті:

- қарыз алушының 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам Микрокредит және/немесе сыйақы сомасын төлеу мерзімін бұзыу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Келісімде көзделген өзге жағдайларда.

4.3.10. Келісім шенберінде Қарыз алушының/қоса қарыз алушының кез келген ақпаратын немесе құжаттамасын талап ету;

4.3.11. Кез келген уақытта қарыз алушының/тең қарыз алушының қаржылық жағдайына тексеру жүргізу;

4.3.12. Шығыстарды қарыз алушыға / қоса қарыз алушыға жатқыза отырып, кепіл мүлкінің болуын, оны сактау, ұстау және пайдалану шарттарын тексеруді жүзеге асыру;

4.3.13. Қарыз алушыдан/қосалқы қарыз алушыдан оған қайта бағалауды жүргізуге байланысты барлық шығыстарды жатқыза отырып, кепілдік мүлікке қайта бағалау жүргізуді талап етуге құқылы. Кепіл затының жай-күйінің нашарлауы, құнының азауы анықталған жағдайда Қарыз берушінің талаптарын қанағаттандыратын қосымша қамтамасыз етуді (қосымша талаптарды) ұсынуды талап етуге құқылы.

4.3.14. Қарыз алушы/қоса қарыз алушы келісім және/немесе кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде келісім және/немесе кредиттік шарт бойынша қарыз алушының берешегін сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беру үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

4.4. Қарыз беруші міндетті:

4.4.1. Қарыз алушы барлық қажетті құжаттаманы ұсынған кезде қарыз алушыға келісімде/кредиттік шартта көзделген талаптармен және қолемде микрокредит беру.

4.4.2. Қарыз беруші құқығының (талап ету) осы Шарт бойынша үшінші тұлғага өту талаптары қамтылған шартты (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасқан кезде Қарыз беруші:

1) құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты жасалғанға дейін қарыз алушыны (немесе оның үәкілетті өкілін) құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғага өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерінің өндөлеттің туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабардар етуге міндетті;

2) Қарыз алушыны (немесе оның үәкілетті өкілін) Келісімде/ кредиттік шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғага құқықтың (талап етудің) өтіп кеткені туралы талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап құнтізбелік отыз күн ішінде үшінші тұлғага микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалуын (микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық қолемін көрсете, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтары және төленуге жататын басқа да сомалар;

4.4.3. Мерзімі өткен күннен бастап 20 күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыны хабардар ету:

кредиттік шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы;

шарт бойынша қарыз алушы - жеке тұлғаның ұйымға жүгіну құқығы;

қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауының салдары.

Хабарлама, егер ол қарыз алушыға (борышкерге) мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:

Келісімде / кредиттік шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайды тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;

жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

4.4.4. Қарыз алушы - жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін құнтізбелік он бес күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді және қарыз алушы - жеке тұлғага жазбаша нысанда не туралы шартта көзделген тәсілмен хабарлауды қарау:

шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу;

берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;

бас тарту себептерінің дәлелді негізdemесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4.4.5. Қарыз беруші осы Шартта көзделген тәртіппен жақсарту талаптарын қолданған жағдайда, қарыз алушыны Шарт талаптарының өзгерген туралы хабардар ету

4.4.6. Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі Шартқа қоса берілсін.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Қарыз беруші жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

5. Қарыз беруші үшін шектеулер

5.1. Несие беруші үшін шектеулер тыйым салумен карастырылған талаптардан тұрады:

1) бір жақты тәртіппен шартқа қол қойған күнге қолданыстағы сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті етеу тәсілі мен әдісін өзгертуге;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен өсімпұлды (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және инкассациялау;

3) жеке тұлға болып табылатын Қарызгерге, микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толықтай немесе ішінara қайтарғаны үшін тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл) санкцияларын қолдануға;

4) микрокредит сомасын Келісім-шарт бойынша микрокредит сомасын көбейтуге;

5) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне келетін болса және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілетін болса, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін алуға;

6) кез келген валюта баламасына байланысты тенгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу.

6. Форс-мажор

6.1. Бой бермейтін күш жағдайларына (форс-мажор) мынадай жағдайлар (бірақ олармен шектеліп ғана қоймай) кіреді: жер сілкіну, дауылдар, су басу және басқа да стихиялық апаттар, халықаралық шарттарының күшке енуі, соғыс, жаппай тәртіпсіздік, ереуілдер, шектемелер, локауттар және т.б.

6.2. Бой бермейтін күш жағдайларына (форс-мажор) Қарызгердің:

- абайсызда жасаған әрекеттері мен әдейілеп жасаған әрекеттері, Келісім-шарт бойынша Қарызгер/Қосалқы қарызгер өз міндеттерін өз еркімен орындаған жағдайлары, Қарыгерде/Қосалқы қарызгерде ақшаның болмауы болжанған немесе соған төзуі жағдайлары жатпайды.

6.3. Форс-мажор басталған күннен бастап он Жұмыс күні ішінде Форс-мажор нәтижесінде кедергіге тап болған Тарап екінші Тарапты Форс-мажордың пайда болғаны туралы жазбаша хабарландырады.

6.4. Келісім-шарт бойынша Тараптың өз міндеттерін орындауды, егер бұл форс-мажор салдарынан болса, форс-мажор жағдайын тап болған Тарап осындағы зардаптарды жою үшін барлық қажетті шараларды жасаған жағдайда, ол Келісім-шартты бұзы болып саналмайды.

6.5. Форс-мажор аяқталғаннан кейін үш Жұмыс күні ішінде, зардап шеккен Тарап Форс-мажордың аяқталғаны туралы екінші Тарапты жазбаша хабарландырады да, Келісім-шарт бойынша міндеттерін орындауды қайта жүзеге асырады. Егер Форс-мажор әсері Форс-мажор басталған күннен бастап 30 Қарыз беруші Келісім-шарт әрекетін тоқтатуға құқылы, ал Қарызгер/Қосалқы қарызгер Қарыз берушінің Келісім-шартты тоқтату туралы шешімі қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде нақты пайдаланған мерзімге дейін бұрын алған ақшалары мен Сыйакыларын қайтаруға міндетті.

7. Дауларды шешу тәртібі және қолданыстағы құқық

7.1. Осы келісім –шартқа байланысты және осыдан туындайтын Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер екі жақты келіссөздер жүргізу жолымен шешетін болады. Егер тараптар арасындағы даулар сотқа дейінгі тәртіппен шешілмесе, олар Қазақстан Республикасының сот тәртібімен қарайды.

7.2. Осы Келісім-шарттың үлгісі, түсіндірілуі және әрекеті Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі. Тараптардың арасында осы Келісім-шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелеріне қатысты дайлар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

8. Қоршаган ортаны, денсаулықты және қауіпсіздікті сақтау мәселелері бойынша заннама талаптарына сәйкес келу

8.1. Қарызгер/Қосалқы қарызгер осы Келісімнің әрекет ету мерзімі бойы оның қызыметі, операциялары, активтері (қай жерде болмасын және байқалмасын) Қазақстан Республикасының қоршаган ортаны қорғау, денсаулық және қауіпсіздікті сақтау бойынша қолданыстағы барлық заңдар және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер ережелеріне, сондай-ақ еңбек қорғау қауіпсіздігіне, Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да еңбек ережелеріне сәйкес келетініне кепілдік береді.

Келісімнің осы тармағында көрсетілген кепілдік Келісімнің әрекет етуінің мерзімі бойы әрекетте болуы қажет.

9. Құпиялыштық

9.1. Тараптардың Келісім-шартта қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайларда Келісімнің аясында алған ақпаратты қандай да бір мақсат үшін пайдалануға немесе қарастыруға (бұдан әрі – Құпиялыштық Ақпарат) құқылары жоқ:

а) бұған екінші Тараптың жазбаша келісімі бар;

б) бұл ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қажет болуы мүмкін немесе уәкілетті Мемлекеттік органдардың тиісті шешімін қабылдаумен болуы мүмкін.

10. Келісім-шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар

Егер басқасы Келісімде тұра көрсетілмесе, Келісімде қолданылатын бас әріптен басталатын терминдер мен анықтамалар мынадай мағыналарға ие:

Несие бойынша Сыйақы/Сыйақы – берілген микрокредит үшін төлем, Микрокредит сомасына жылдық мөлшері есебінен пайыздық көрсеткішпен айқындалған, Қарыз берушіге тиесілі ақша.

Дефолт – Келісім-шарт аясында бекітілген Келісім-шарттың, Несие шарттарының талаптары мен міндеттерін Қарызгердің/Қосалқы қарызгердің/Кепіл берушінің орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы, сондай-ақ Келісім-шарт бойынша міндеттерді бұзуға алып келетін басқа да шарттарды орындамау немесе тиісті түрде орындамау, Кепіл ұстаушының қаматамасыз ету шарттарында қарастырылған міндеттерді орындамауы.

Қарыз/Берешек – Келісім-шарт және/немесе Несие шарты бойынша Қарыз Сомасынан, Сыйақыдан, айыппұлдардан, төлемақы өсімдерінен және Қарыз беруші пайдасына тиесілі басқа да сомалардан тұратын Қарызгердің/Қосалқы қарызгердің төлеуге тиесілі Қарыз беруші алдындағы Қарызгердің/Қосалқы қарызгердің міндетті сомаларының жиынтығы.

Кепіл беруші – Қарызгердің/Қосалқы қарызгердің міндеттері бойынша Қамтамасыз етуді беретін Қарызгер және/немесе кез келген басқа заңды немесе жеке тұлға.

Өтініш (Мәлімдеме) – қаржыландырудың барлық аспектілері туралы ақпарттан, соның ішінде сұрап отырған Микрокредит Сомасы, кезекті Микрокредит иелену жүзеге асырылатын қаржыландыру нысаны және мерзімдері, сондай-ақ мақсатты пайдалану және ұсынылатын Қамтамасыз ету ақпараттарынан тұратын Қарызгердің Қарыз берушіге жолдайтын жазбаша өтініші.

Микрокредит/Кредит – Қарыз беруші Қарызгерге Несие шарттары мен Келісім-шарттың анықталған талаптар бойынша жалпы сомасы несиелеу Лимитінен аспайтын сома.

Несие шарты/Шарт – Келісім-шарт аясында несиелеу Лимиті мөлшерінен аспайтын Қарыз беруші мен Қарызгер және Қосалқы қарызгер арасында бекітілген және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Микрокредит беру туралы шарт.

Несиелеу Лимиті – Қарызгерге белгіленген ақша сомасы, оның шегінде Қарызгер Келісім-шарттың әрекет ету мерзімінде жаңартылмаған Микрокредит сомасы аясында және несиелеу Лимитінің мерзімін есепке ала отырып, Несие алуға құқылы;

Микрокредит сомасы – Несие шартына сәйкес Қарыз беруші Қарызгерге берген ақшалай сома.

Иеленудің Шекті күні – Келісім-шарт және Несие шарты талаптары бойынша Несие берілмейтін Келісім-шартта бекітілген күн.

Қамтамасыз ету – Келісім-шарт және Несие шарттары бойынша Қарыз берушігө Қарызгер/Қосалқы қарызгер міндеттерінің орындауын қамтамасыз етумен Қарызгер немесе Кепіл беруші беретін мүлік.

Жоба – Келісім-шарттар бойынша міндеттерді орындауға, бизнес-жоспарларды жүзеге асыруға бағытталған, сондай-ақ Несиені мақсатты пайдалануға бағытталған Қарызгердің қызметін білдіреді.

Қосалқы қарызгер - микрокредит шарты бойынша бірлескен және микрокредит бойынша міндеттемелерді орындау үшін жауапты болып табылатын тұлға.

11. Қосымша шарттар

11.1. Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Несие шарттарының талаптары бойынша және Қарыз беруші мекен-жайына бағытталған Қарызгердің өтініші негізінде Қарызгерге Микрокредит беріледі.

11.2. Қарызгер/Қосалқы қарызгер Қарыз берушінің барлық талаптарын ұстануға міндетті, мыналарды қоса отырып, бірақ шектеліп ғана қоймай: құжаттарды ресімдеу, алынған Несиенің мақсатты пайдаланылуын растайтын техникалық-экономикалық негіздеменің келісім шарттарын/шарттарын, бизнес-жоспарларды беру, Несиенің мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін Қарыз берушігে қажетті басқа да ақпаратты беру.

11.3. Қарыз беруші Микрокредиттің мақсатты пайдалануына және оның өтелуіне бақылау жүргізеді.

11.4. Келісім-шарттарға қосымшалар мен өзгертулер Келісім-шартта/ Несие шарттарда қарастырылған тәртіп бойынша Тараптардың келісімі бойынша енгізіледі.

11.5. Келісім аясында бекітілген Келісімдер, Несие шарттары Келісім-шартта қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайда біртаратық тәртіп бойынша өзгерілмейді, қосымша енгізілмейді және бұзылмайды.

11.6. Келісім бойынша сыйақы есептемесінің тәртібі өзгерген жағдайда, сондай-ақ осы әрекетпен байланысты және төлем кестесінің өзгеруі, өтеу мерзімінің өзгеруін қоса отырған жағдайда, жылжымалы мүлік кепілі туралы шартқа қосымша келісім-шарттар тіркелмейді.

11.7. Келісім аясында бекітілген осы Келісімнің, Несие шарттарының барлық талаптары мен ережелері орындау үшін міндетті болып табылады және Тараптардың мүддесі үшін қабылданады.

11.8. Қарызгер/Қосалқы қарызгер Қарыз алышының кеңесінде болған кезде Келісімге қол қоя отырып, Қарыз берушінің Келісім-шарт бойынша өз құқын қорғау үшін қажетті кез келген ақпаратты, сонымен қатар Келісім-шарт бойынша Қарызгер/ Қосалқы қарызгер міндеттерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда талап еткен және келешекте талап ететін талаптар және шағымдар сипаттамасындағы Қарыз мөлшерлері туралы ақпаратты үшінші тұлғаға беруіне және ашып беруіне, соның ішінде "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" АҚ, "Алматы қаласы қәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы", Алматы қаласының Әкімдігі, "Almaty Finance" ЖШС және басқа да тұлғаларға өзінің сөзсіз келісімін береді.

11.9. Осы Келісім аясында жасалынатын барлық Несие шарттары, қамтамасыз ету шарттары Қарызгердің/ Қосалқы қарызгердің негізгі міндеті ретінде осы Келісім-шартқа сілтемеленуі керек. Егер тиісті Несие шарттың сол немесе басқа да ережелері Тараптардың тең құқықтық қатынастарын реттейтін осы Келісім-шарттың басқа бөлімдерінің ережелері мазмұнынан өзгеше болған жағдайда, онда Тараптар Несие шартының ережелерін басшылыққа алатын болады.

11.10. Келісімде қаастырылған талаптар бойынша соңғы қаржыландыру тоқтатылған немесе доғарылған жағдайда, Қарызгердің/ Қосалқы қарызгердің Қарыз берушіге ешқандай да шағымы болмайды.

11.11. Қарыз берушінің құқықтық мәртебесі өзгерген жағдайда Келісім аясында және оның орындалуы үшін бекітілген Келісім және Несие шарттары бойынша барлық құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мұрагерлеріне өтеді.

11.12. ҚР ағымдағы заңнамасына сәйкес Қарыз берушінің Шарт бойынша өз құқын басқаға беруге құқы бар.

11.13. Келісімде қаастырылмаған барлық басқа жағдайларда, Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

11.14. Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Келісімде мемлекеттік және орыс тілдері арасында сәйкесіздік болған жағдайда, орыс тілінде құрылған Келісім мәтіні басым болады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары және деректемелері:

ҚАРЫЗ БЕРУШІ: Пощта мекен-жайы: _____; электрондық мекен-жайы: _____;

_____ ;

сайты: www.mfoalmaty.kz.

ҚАРЫЗГЕР: _____

ҚОСАЛҚЫ ҚАРЫЗГЕР: _____

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ:

ҚАРЫЗ БЕРУШІ:

ҚАРЫЗГЕР:

ҚОСАЛҚЫ ҚАРЫЗГЕР:

М.О.

М.О.

М.О.